КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

# ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ПОВЫШЕНИЮ КАЧЕСТВА ПРЕПОДАВАНИЯ В ВУЗЕ

## Сборник учебно-методических статей

Алматы 2016

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ПОВЫШЕНИЮ КАЧЕСТВА ПРЕПОДАВАНИЯ В ВУЗЕ

*Сборник учебно-методических статей*

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

*Рекомендовано к изданию кафедрой «Менеджмент и маркетинг»*
*Казахского национального университета имени аль-Фараби*
*(Протокол заседания кафедры №27 от 23 февраля 2016 г.)*

**Редакционная коллегия:**
д.э.н., профессор К.С. Мухтарова
д.э.н., профессор Д.А. Кунанбаева
к.э.н., доцент С.К. Джумамбаев
к.э.н., доцент Ж.О. Тумбай
к.э.н., доцент С.Т. Каргабаева

**Рецензенты:**
доктор экономических наук, профессор **С.Я. Аубакирова**
доктор экономических наук, профессор **Б.М. Мухамедиев**

**Инновационные** подходы к повышению качества преподавания в ВУЗе: сб. уч.-мет. ст. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 134 с.
**ISBN 978-601-04-1769-4**

Сборник учебно-методических статей является вторым изданием трудов ППС кафедры «Менеджмент и маркетинг» Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ имени аль-Фараби, выпускаемым как результат обобщения работы заочной научно-методической конференции.

В сборнике представлены статьи, в которых рассматриваются инновационные методы обучения в ВУЗе, актуальные проблемы повышения качества преподавания в ВУЗе, организация самостоятельной работы студентов (магистрантов и докторантов).

Адресуется преподавателям, методистам, работникам системы повышения квалификации в области высшего образования.

ISBN 978-601-04-1769-4 © КазНУ имени аль-Фараби, 2016

## СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие ..................................................................................................3

**ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ**

**Мухтарова К.С., Мылтыкбаева А.Т., Аметова Ж.А.**
Инновационные методы обучения магистрантов специальности «Государственное и местное управление» ..........................................5
**Шеденов Ө.Қ., Мырзалиев Б.С., Шеденова Н.Ө.**
Экономикалық мамандықтарды дайындауда құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларын жасаудың әдістемелік негіздері ................9
**Смагулова Г.С., Нурышева Г.Ж.**
Жоғары білім беру жүйесіндегі оқытудың инновациялық әдістері ........ 14
**Қарғабаева С.Т., Ерманкулова Р.И., Қарғабаева Л.Т.**
Кейс әдісін қолданумен оқу сапасын көтеру........................................... 18
**Бейжанова А.Т., Турлыбекова Н.М., Мукаев Д.Т.**
Внедрение интерактивных форм обучения в образовательный процесс вуза ................................................................................................23
**Kupeshova S., Nurmagambetova A.**
Problems of training innovative managers ................................................27
**Кожамкулова Ж.Т., Бейжанова А.Т., Турлыбекова Н.М.**
Интерактивті дәрістерді өткізудің негіздері ..............................................31
**Аширбекова Л. Ж., Баймуханбетова Э. Е., Тажиева С. К.**
Кейс-study как интерактивный метод в образовании студентов специальности «Государственное и местное управление» в процессе изучения дисциплины «Теория государственного управления» .............35
**Турлыбекова Н.М., Аликбаева А.Б.**
Жоғарғы оқу орындарында семинар сабақтарын өткізудің әдістемесі ... 39
**Бейжанова А.Т., Мукаев Д.Т.**
Кейс технологиясы дегеніміз не және оның тиімділігі неде? ..................43
**Асанова А.**
Современные методы обучения ..................................................................46

**ТЕОРЕТИКО – МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ПРЕПОДАВАНИЯ В ВУЗЕ**

**Мухтарова К.С., Мылтыкбаева А.Т., Аметова Ж.А.**
Актуальность обучения будущих управленцев ........................................50
**Шеденов Ө.Қ., Мырзалиев Б.С., Шеденова Н.Ө.**
Кәсіби мамандықтарды дайындауда Блум таксономиясына негізделген білім беру жүйесін жетілдіру мәселелері .............................54

пользование больших неструктурированных и научно-исследовательских кейсов в образовательном процессе не рекомендуется, так как решение данных кейсов требует большого количества времени для прочтения и анализа. Структурированные кейсы рекомендуются к использованию по определенным разделам курса, так как данный вид предполагает применение определенной формулы или модели. А «маленькие наброски» могут быть использованы преподавателями на всем протяжении курса.

**Литература**

1. И.Х. Бахирова, Б.С. Бурыхин. Кейс-стади как интерактивный метод в образовании студентов экономистов в процессе изучения дисциплины «Управление персоналом». Вестник Томского Государственного университета, Серия экономическая, №3 (19), 2012.

2. Метод изучения ситуаций (кейс-стади) в образовании: его история и применение. [электронный ресурс]. URL:http//elitarium.ru.

3. Долгоруков А. Метод кейс-стади как современная технология профессионально-ориентированного обучения. [электронный ресурс]. URL:http//www.vshu.ru/lection.php?_id

## Жоғарғы оқу орындарында семинар сабақтарын өткізудің әдістемесі

*Турлыбекова Н.М., аға оқытушы,*
*Аликбаева А.Б., аға оқытушы*

Қазіргі таңдағы технологиялардың дамыған кезеңінде инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы студенттердің ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Интерактивті оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

– барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

– әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғануына мүмкіндік жасау;

– үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру;

– терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

– оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану;

– пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу.

Интерактивті әдістерге: топпен жұмыс, пікір–таластар, проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, рөльдік ойындар, блиц-сұрақтар әдісі, кейс – стадийлер, миға шабуыл әдісі, викториналар, мини зерттеулер, іскерлік ойындар, инсерт әдісі, анкета алу әдісі және т.б. жатады.

Қазіргі танда семинар сабақтарын жүргізудің практикалық әдістемесін қарастыру өзектілігі артуда, себебі семинарлық сабақтарды дұрыс ұйымдастыру, оның өткізілуі студенттің ұсынылған материалдарды меңгеру тиімділігіне әсер етеді. Семинар сабағының табыстылығы масатты бағытта дайындықты талап етеді.

Студентке сапалы білім беру сұрақтары мен жеке тұлғалық және маман ретінде қалыптасуы мен дамуы өзара тығыз байланысты. Студенттер семинар сабақтарында дәрістерден және өзінің дербес жұмысы арқылы алған білімін тереңдетіп, нығайтады, өз сенімін тексереді және айқындайды, терминологияны меңгереді, сол арқылы еркін оқуға үйренеді, өз көзқарасын қорғайды. Мұндай оқыту мақсаты – пәндерді тереңдетіп оқыту, өткен материалдарды бекіту, ғылыми танымдылықтың әдістемесін иемдену.

Оқу-тәрбиелік үрдісте семинар сабақтары келесідей міндеттерді атқарады:

– бағдарламалық материалды, ғылыми әдебиеттердегі материалдарды тұрақты оқып отыруға ынталандырады;

– өзіндік жұмыс жасау уақытында алынған және тыңдалған дәрісте берілген материалдарды, алған білімді бекітуге әсер етеді;

– оқытушы мен топтағы студенттердің ақпараттар мен ой бөлісулері арқылы білімді арттырады;

– білімді өзінің жеке көзқарасына айналдыруға ықпалын тигізеді;

– теориялық сұрақтар бойынша ауызша сөйлеу дағдыларына, түсініктер мен категориялар бойынша еркін пікір білдіруге үйретеді;

– оқытушыға студенттің өзіндік жұмыс істеуін қадағалауға мүмкіндік береді.

Семинар – меңгеріліп жатқан мәселелер, баяндамалар мен рефераттарды ұжымдық талқылау формасында өтетін оқу дәрісі. Семинарлардың басқа сабақтардан өзгешелігі – студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттері көбіне олардың өзіндік жұмыстары негізінде ұйымдастырылады. Семинар желісінде тұңғыш дерек көздерінен, құжаттардан, қосымша әдебиеттерден, оқудан тыс ізденістер барысында алынған студенттердің білімдері тереңдетіледі, жүйеге келтіріледі және бақыланады.

Семинарлар студенттердің шығармашылық дербестігін дамытады, олардың ғылымға және ғылыми зерттеулерге қызығушылығын күшейтеді. Семинар сабақтары барысында студенттер ғылыми ақпаратты иемденеді, ғылыми жұмыстарды рәсімдеу икемін қалыптастырады, материалды ауызша және жазбаша баяндау өнерін, дамушы ғылыми қағидалар мен қорытындыларды қорғауды игереді.

Жоғары оқу орындарында интерактивті семинар (практикалық) сабағын өтуде оқыту әдістерінің интерактивті түрлерін пайдалануға болады. Интерактивті әдістердің семинар сабақтарында пайдаланылатын тиімді түрлеріне: пікір сайыс семинар, семинар пресс-конференция жатады.

Семинар-пікірталас. Пікірталас – студенттерді туындаған мәселе бойынша шешімдерді коллективті іздестіруге, студенттердің өз ой-пікірлерін еркін, ашық айтуға үйрететін, оқу үрдісінің жиілілігі мен тиімділігін арттыратын оқытудың белсенді әдісі. Мұндай семинар түрі студенттердің өз бетінше жұмыс жасауын, өз пікірін, көз қарасын айтуды талап етеді. Семинар-пікірталас диалогтық қарым-қатынаста өтеді. Мұндай семинарда студент өз ойын анық, айқын, дәлелді жеткізуге, өз пікірін, пікірлесінің пікірінін дұрыс-бұрыстығын дәлелдеуге тиіс. Яғни семинар-пікірталас студенттің жеке басының интеллектуалдық әрекетінің қалыптасуына, әр нәрсеге баға бере алуына, өзіндік пікір айтып, белсенді қатысуға мүмкіндік жасайды. Семинардың нәтижелі болуы оқытушының ұйымдастыру қабілетімен, студенттердің пікірталас жасай білу мәдениетімен байланысты.

Пікірталас – студентті келешек мамандығына жақындатады, өз пікірін айтуға, оны дәлелдеуге үйретеді. Семинар- пікірталас

талапқа сай өтуі үшін сөз болатын мәселенің жоспарын беру қажет. Жоспарда семинардың тақырыбы, мақсаты, пікір таласын туғызатын проблемалық сұрақтар, қажетті әдебиеттердің тізімі беріледі. Семинар-пікірталасты өткізуде оқытушы мына мәселелерге көңіл аударады: 1) берілген тапсырманы орындауда студенттердің білім деңгейі, дайындығы; 2) өз бетімен іздену қабілеттері; 3) пікірталас өткізуде мәселенің маңыздылығы; 4) оқытушының семинар өткізуге дайындығы, яғни студенттерге дұрыс бағыт беру, жауаптарын саралау, дұрыс жолын көрсету, семинарды дұрыс ұйымдастыру; 5) студенттерді дұрыс орналастыра білу.

Семинар пресс – конференция – білім арттыру, бекіту және жетілдіруге бағытталған оқу ұйымдастыру формасы. Әдетте, мұндай форма бірнеше топтардың қатысуымен өткізіледі.

Соңымен интерактивті семинар сабағында оқытушы интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттің еркін ойлануына, ақыл-ойын дамыуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға, ұжымдық іс-әрекетке, тіл байлығын жетілдіруге, жан-жақты ізденушілігін арттыруға жағдай жасайды. Ал оқытушы үшін тиімділігі, ол түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың мәнін терең ашуға, аудиторияны толық қамтуға, әр студенттің білім деңгейін анықтауға, оларды ізденіске, шығармашылыққа, өз бетінше жұмыс істеуге және барлығын бағалауға болады. Интерактивті әдістер білім алушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Глузман, А. В. Инновационные технологии обучения в системе университетского педагогического образования. [Электронный ресурс] / А. В. Глузман. – Режим доступа: http://iee.org.ua/files/conf/conf_article39.pdf.

2. Лаврентьев Г.В., Лаврентьева Н.Б., Неудахина Н.А. Инновационные обучающие технологии в профессиональной подготовке специалистов. [Электронный ресурс] Режим доступа: http://www2.asu.ru/cppkp/index.files/ucheb.files/innov/Part2/index.html

3. Гура В.В., Турик Л.А., Терновая И.П. и др. Интерактивные технологии обучения в подготовке социальных педагогов/под. Ред. В.В. Гуры. – Таганрог: Изд-во Таганрог, гос. пед. Ин-та, 2010. – 108 с. 5.

4. Зеер Э.Ф. Инновации в профессиональном образовании: учеб.-метод. пособие/Э.Ф. Зеер, Д.П. Заводчиков. Екатеринбург: Изд-во РГППУ, 2007.